


Түркістан облысы Сайрам ауданы «Шаттық» аралас түрдегі
бөбекжай балабақшасы.



«Жасұлан» тобы

«Берекелі Алтын күз»

(Ертеңгілік)



Тәрбиешілер: Абдижалилова К.П.
Далмурадова Г.С

Ақсукент-2024-2025ж

"Берекелі Алтын күз" сценарий балабақшада ересек тобы
Музыка ойнап, әсем безендірілген залға балалар келіп кіреді.

Жүргізуші: Алтын күз біз бен сізге шуақ шашсын,
Көңілді серіппелі күйін ашсын.
Бақ пенен шаттық бірге қатар қонып,
Береке бірлікпенен ортақтассын.

Армысыздар әріптестер мен ата-аналар, қадірлі қонақтар! Бүгінгі біздің «**Жасұлан**» тобының берекелі де ырысты «**Алтын күз**» құрметіне арналған мерекемізге қош келдіңіздер. Ел байлығын арттырған берекелі де мерекелі күз мерекесі құтты болсын. Мерекелік ертеңгілігімізді ашып беру үшін құттықтау сөзді балабақшамыз меңгерушісі **Жумабекова Салтанат Досымбекқызына** береміз.

Жүргізуші: Береке бақ дарыған,
Жомарт көңіл, жарқын жүз.
Сары алтынға малынған,
Жетті міне, алтын күз!

Балалар қарандаршы бүгін біздің зал қандай әдемі, қаншама түрлі – түсті жапырақтарға толы. Балалар, бүгін бізде қандай мереке?

Балалар: Алтын күз мерекесі!

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар. Күз мезгілінде қанша ай бар?

Балалар: 3- ай

Жүргізуші: Күз айларын атап беріндерші?

Балалар: **Қыркүйек, Қазан, Қараша**

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр.

«Көк майсалы көрікті, алқаптағы көп егін

Бұл күндері киіпті, сары жібек көйлегін» - Бұл қай мезгіл, балалар? (Күз мезгілі) дұрыс ендеше, күз мезгіліне арнаған өлең шумақтарымызды тыңдайық)

Төлеби: Алқаптан бидайды
Қоймаға ел жинайды.
Тырнасы тізілген,
Ұнатамын күзді мен.

Назым: Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді

Жамбыл: Алақай! Алақай!
Шаттанды балақай!
Күз түсті, дән пісті,
Айтамыз алғысты.

Хосия: Күзім-ау, күзім-ау,
Мінезің бұзық – ау
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық – ау

Іңкәр: Көрініп еліме
Күндері мереке.
Келді ғой жеріме
Күз дейтін мереке

Мариям: Жетті желмен алтын күз,
Жеміс жинау салтымыз
Жиып - теріп болған соң,
Той жасайды халқымыз

Жүргізуші: Ағаштардан жамырап,
Ұшты кенет жапырақ.
Ой, алақай, тамаша,
Шашу шашты жапырақ!
(алтын күзге арнаған әнімізді айтайық)

1:Ән: «Күз келді»

Жүргізуші: Жарайсындар, балалар! Балалар, тындандаршы, бұл не шу? (Осы кезде әдемі әуенмен Күз ханшайымы келеді.

Күз ханшайымы: Уа, халайық, дархан далам армысын.
Табиғатым, жаны жайсаң тал мүсін.
Ханшайымы күздің бүгін келіп тұр,
Алмақшы боп бар халқымның алғысын.

Мен –**Күз ханшайымымын**, сіздерді көргеніме қуаныштымын..

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, Күз ханшайымы! Біздің балалар сізді асыға күтті.

Күз ханшайымы: Рахмет, менің достарым! Ал, мен сендерге жұмбақ ала келдім.

1.Бұтақта ілініп тұрамын,

Піскенде себетке құладым.(**Жеміс**)

2. Өсірер тың дала,

3. Сырты қатты,

Көшірер қамбаға.

Іші тәтті. (**Қарбыз**)

Айналар ұңға да

Айналар нанға да.(**Бидай**)

Жүргізуші:Жарайсындар балалар! Күз ханшайымы көрдіңіз бе біздің балалар қандай ақылды. Ал енді балаларымыздың өнерін тамашалаңыз..

1.Би: «Қырманға кел қалқатай»

Жүргізуші: Ал енді кезекті тағыда тақпақтарға берсек

Мардан: Көбейді құт береке,

Зилола: Алтын, сары, қызыл, көк

Астық толы қамбамыз.

Алуан - алуан жапырақ

Құтты болсын мереке,

Күзгі бақта күлімдеп

Алтын күзді тойлаймыз.

Көз тартады атырап.

С.Алинур: Нұрға бөлеп өмірді,

Инжу: Жапырақ ұшты,

Жырға бөлеп көңілді,

Суық та түсті.

Жарқыраған сәулелі

Сонда да бізге,

Күз әуені төгілді

Қызық көп күзде.

Қ.Алинур:Қарашы күз келді, күз келді

Жапырақ жауыпты іздерді.

Құс біткен керуен тізеді,

Қара бұлт қабағын түйеді.

Күтпеген жерден **Жалқаубек** кіріп келеді.

-Балалар, мен жаңа өзі әдемі киінген, қолында себеті бар бір қызды көріп едім. Мына базарлығын жолда ұмытып кетіпті. Сендерге келмеді ме?

Күз ханшайымы:-Рахмет саған! Сенің есімін кім болады?

Жалқаубек:-Жалқаубек! Мен еш нәрсе істемеймін, істегім де келмейді.

Күз ханшайымы:-Ал мен күз ханшайымымын! Біздің арамызға қосыл.

Балалар менің сіздерге алып келген ойыным бар.

Ойын: «Көкөністер мен жемістерді ажырат»

Ойынның шарты. Қыздар мен ұлдар екі топқа бөлініп, қыздер жемістерді, ұлдар көкөністерді жинайды.

Күз ханшайымы: Балалар айтыңдаршы, жемістер қайда өседі? (**Бақта**)

Көкөністер қайда өседі?(**бақшада**) Жарайсыңдар!

Жүргізуші: Ал, сен Жалқаубек неге тұрсын? Неге балаларға көмектеспейсің?

Жалқаубек: Мен ондайға қызықпаймын. Мен тек қана ойнағым келеді, ұйқтағым келеді, тамақ ішкім келеді, қыдырғым келеді.

Жүргізуші: Жоқ, олай болмайды. Балалар, айтыңдаршы? Дұрыс па!

Балалар: Жоқ болмайды. (хормен)

Жүргізуші: Сен одан да біздің балаларымыздың биін тамашала! Қара біздің балаларымыз қандай өнерлі екендерін! Біздің қыздарымыз бен ұлдарымыздың әсем биін тамашалайық.

2.Би: «Балапандар» биі

Жүргізуші: Күз ханшайымы, балалардың өнері ұнады ма?

Күз ханшайымы: Ия, балалардың барлығы да өте өнерлі екен.

Жүргізуші: Олай болса кезекті тағы да тақпақтарға берейік.

Раяна: Думан толы асқарлы

Күз мезгілі басталды.

Күз әуені кеп жетті,

Әнге бөлеп жастарды.

Али: Құстар қайтты ән салып,

Бұлт шарлады аспанды,

Қыс келеді жар салып

Күзгі суық басталды.

Айсұлтан: Айнала жым-жырт,

Көк аспан сұрғылт.

Жер жыртқан тыңда

Трактор қырда

Рубия: Көк майсалы көрікті

Алқаптағы көп егін

Бұл күндері киіпті

Сары жібек көйлегін.

Хансұлтан: Келді міне күз,

Айнала сары түс.

Керемет, тамаша,

Қандай әсем Күз!

Айша: Сап - сары маңай,

Сап - сары тоғай.

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып

2.Ән: «Сары күз»

Жүргізуші: Кезекті тағыда тақпақтарға берсек.

Ерсұлтан: Қамба толды астыққа
Алғыс саған алтын күз.
Бір уыс дән шаштық та,
Қап - қап қауын алдық біз.

Абдуллазиз: Жел тынымсыз гуілдеп,
Болып кетті тым бұзық.
Шуылдайды тал, терек,
Жапырағын жұлғызып.

Қылышбек: Сап - сары маңай,
Сап - сары тоғай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып

3.Би: «Қолшатыр»

Жүргізуші: Қарашы күз келді, күз келді
Сары алтын жауыпты іздерді
Құс біткен керуен тізеді
Көңілсіз неткен күз еді.

Күз ханшайымы: Рахмет, балалар! Міне, меңін сыйлығым бір себет күз сыйы. Сендерге денсаулық және шаттық әкелсін!

Жалқаубек: Рахмет сендерге балалар! Енді мен бүгіннен бастап сендер сияқты, еңбекқор, жақсы, әдепті бала боламын. Үлкендердің тілдерін алатын боламын.

Жүргізуші: Күз ханшайымы, саған мың алғыс. Бүгінгі сыйлығына рахмет. Бізге жыл айналып тағы келіңіз, біз сізді сағына күтеміз.

Осы кезде әуен ойналып Күз ханшайымы мен Жалқаубек қоштасып, шығып кетеді.

(Балалар қоштасады)

Жүргізуші: Күздің кереметі, байлығы өте көп. Біздің дастарханымыз дәнді дақылдарға, көкөністерге, жеміс-жидектерге толы болады, бірақ осы байлыққа жету үшін, көп еңбек ету керек. Сондықтан сіздер еңбекшіл, болуларыңыз қажет. Бүгінгі күз мерекесін жақсы тойладық. Әр отбасына бақ, береке әкелсін! Осымен «Берекелі алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды, бүгінгі ертеңгілігімізді қорытындылау үшін сөз кезегін балабақшамыз әдіскері Тастанова Дина апайымызға береміз.

